

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ

М.ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ









**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**7M01113 – Білім берудегі менеджмент**

Тіркеу номері	
Білім беру саласының коды мен жіктелуі	7M01 Педагогикалық ғылымдар
Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	7M011- Педагогика және психология
Білім беру бағдарламаларының (БББ) тобы	M001 - Педагогика және психология
БББ түрі	Қолданыстағы
ББХСЖ бойынша деңгейі	7
ҰБШ бойынша деңгейі	7
СБШ бойынша деңгейі	7
Оқыту тілі	Қазақ, орыс
БББ көлемі	120
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	-
Серіктес-ЖОО (ҚББ)	-
Серіктес-ЖОО (ҚДББ)	-

Құрастырушылар:

Т.А.Ә.	Қызметі	Қолы
Лекерова Г.Ж.	«Жалпы педагогика және психология» кафедрасының профессоры, п.ғ.д.	
Усенова А.М.	PhD докторы, «Жалпы педагогика және психология» каф. меңгерушісі	
Мусаханова Г.М.	«Жалпы педагогика және психология» каф. аға оқытушысы, магистр	
Нуржигитов А. Атаева Ж.К.	3 курс докторанты «BOLMYS» практикалық психология Орталығы ЖК Директоры	  
Абильдаева Г.С.	Ө.А.Жолдасбеков атындағы №9 IT-лицейінің директоры	
Искакова Л.Т	Түркістан облысы мен Шымкент қаласы бойынша «Өрлеу» БЖҰО» АҚ филиалының директоры, п.ғ.д., профессор	

Білім беру бағдарламасы «Тарих және педагогика» факультетінің академиялық сапа бойынша комитетінің мәжілісінде қаралды,

«28» 02 2024ж. № 4 хаттама.

АК төрайымы  Усенова А.М.

М.Әуезов атындағы ОҚУ Оқу-әдістемелік Кеңесінің мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылды

«28» 02 2024ж. № 4 хаттама

ОӘК төрағасы  Сарыкулов Қ.Р.

Университеттің Ғылыми Кеңесі шешімімен бекітілді.

Хаттама № 10 от «28» 03 2024 ж.

## МАЗМҰНЫ

1. ББ тұжырымдамасы.....
2. ББ паспорты.....
3. ББ түлегінің құзыреттіліктері.....
- 3.1 ББ бойынша оқыту нәтижелері мен модульдердің қалыптасқан құзыреттіліктерінің бөлінісінің матрицасы.....
4. Модульдер мен пәндердің оқыту нәтижелерін қалыптастыруға ықпал ету матрицасы мен еңбек көлемділігі жөніндегі мәліметтер.....
5. ББ модульдер кескінінде меңгерілген кредиттер көлемі жөніндегі жиынтық кесте.....
6. Оқыту стратегиясы мен әдістері, бақылау мен бағалау.....
7. ББ оқу-ресурстық қамсыздандырылуы.....  
Келісім парағы.....  
Қосымша 1. Жұмыс беруші пікірі  
Қосымша 2. Эксперттік қорытынды

## 1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

<b>Университет миссиясы</b>	Жаңа құзыреттіліктерді қалыптастыру, зерттеу және кәсіпкерлік ойлау мен мәдениетті тарататын көшбасшыны дайындау
<b>Университет құндылықтары</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>• Ашықтық – өзгерістерге, инновацияларға және ынтымақтастыққа ашық.</li><li>• Шығармашылық – идеяларды тудырады, оны дамытады және құндылықтарға айналдырады.</li><li>• Академиялық еркіндік – таңдау, даму және әрекет ету еркіндігі.</li><li>• Серіктестік – барлығы жеңетін қарым-қатынаста сенім мен қолдауды қалыптастырады.</li><li>• Әлеуметтік жауапкершілік – міндеттемелерді орындауға, шешімдер қабылдауға және олардың нәтижелері үшін жауапты болуға дайын.</li></ul>
<b>Түлек үлгісі</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>• Терең пәндік білім, оны кәсіби қызметте қолдану және үнемі кеңейту.</li><li>• Ақпараттық және цифрлық сауаттылық және жылдам өзгеретін ортадағы ұтқырлық.</li><li>• Зерттеу дағдылары, шығармашылық және эмоционалдық интеллект.</li><li>• Кәсіпкерлік, тәуелсіздік және өз қызметі мен әл-ауқатына жауапкершілік.</li><li>• Жаһандық және ұлттық азаматтық, мәдениеттер мен тілдерге төзімділік.</li></ul>
<b>БББ бірегейлігі</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>• Стейкхолдерлердің талаптарын ескере отырып түзетілген түлектің кәсіби құзыреттерін қалыптастыру арқылы өңірлік еңбек нарығына және әлеуметтік тапсырысқа бағдарлану.<ul style="list-style-type: none"><li>• Практикаға бағдарлану және сыни ойлау мен іскерлікті дамытуға, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауатты және бәсекеге қабілетті болуға және еңбек нарығында сұранысқа ие болуға мүмкіндік беретін кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға аса назар аудару.<ul style="list-style-type: none"><li>• Дуальды оқыту, Түркістан облысы мен Шымкент қаласы бойынша «Өрлеу» БЖҰО» АҚ филиалы базасында, «BOLMYS» практикалық психология Орталығында, «Reframe» тұлғаны дамыту орталығында, басқа да білім беру мекемелерінде білімдер мен тәжірибелік дағдыларды иелену мүмкіндігі бар.</li></ul></li></ul></li></ul>
<b>Академиялық адалдық және этика саясаты</b>	Университетте академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті сақтау, кез келген төзімсіздік пен кемсітушіліктен қорғау шаралары қабылданды: <ul style="list-style-type: none"><li>- Академиялық адалдық ережелері (10.10.2022 ж. №212-нқ бұйрығы);</li><li>- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт (07.12.2021ж. №221-нқ бұйрығы);</li></ul>
<b>БББ әзірлеудің нормативтік-құқықтық негіздері</b>	Әдеп кодексі (10.10.2022ж., №212-нқ бұйрығы); <ol style="list-style-type: none"><li>1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;</li><li>2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен және 29.12.2021ж №614 өзгерістер мен толықтыруларымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;</li><li>3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және</li></ol>

жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына 02.06.2023ж. №252 бұйрығымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулар

4. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары;

5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен және 23.09.2022 жылғы №79 өзгерістер мен толықтыруларымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі;

6.Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы.

7.Оқу процесіне ECTS принциптерін енгізу және академиялық еркіндікті кеңейту бойынша әдістемелік ұсыныстар. ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығына қосымша. Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 12 ақпандағы № 57 бұйрығы

8.Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі Нұсқаулық, ҚР ҒЖБМ жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы директорының 4.05.2023 жылғы № 601 н/қ бұйрығына 1-қосымша

**Білім беру процесін ұйымдастыру**

- Болон процесінің принциптерін жүзеге асыру

- Студентке бағытталған оқыту

- Қол жетімділік

- Инклюзивтілік

**БББ сапасын қамтамасыз ету**

- Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі

- Стейкхолдерлерді БББ әзірлеуге және оны бағалауға тарту

- Жүйелі мониторинг

- Мазмұнды өзектендіру (жаңарту)

**Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар**

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес ҚР БҒМ 31.10.2018 жылғы №600 бұйрығына 02.06.2023ж. №252 бұйрығымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулар

**Мүгедектігі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға арналған білім беру бағдарламаларын іске асыру шарттары**

Ерекше білім беруді қажеттететін және мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін оқу ғимараттарымен студенттік жатақханаларда тактильді ПВХ плиткалары, арнайы жабдықталған дәретханалар, мнемоникалық схемалар, душ бөлмелерінде штангалар орнатылған. Автотұрақта арнайы орындар жасалған. Шынжыр табанды көтергіш орнатылған. Қозғалысы шектеулі адамдарға (ҚША) арналған үстелдер, қозғалыс бағытын көрсететін белгілер, пандустар қойылған. Оқу корпусарында (басғимарат, № 8 ғимарат) тірек-қимыл аппараты (ТҚА) бұзылыстары бар пайдаланушылар үшін бейімделген алты жұмыс орны бар 2 бөлме жабдықталған. Көру қабілеті нашар пайдаланушылар үшін SARA™ CE машинасы (2 дана) кітаптарды сканерлеу және оқу үшін қолжетімді. Кітапхананың веб-сайтына шар көретіндерге бейімделген арнайы NVDA аудиобағдарламасы қызмет көрсетеді. ББАО сайты <http://lib.ukgu.kz/> тәулік бойы жұмыс істейді. Оқу процесін ұйымдастыруда және сабақтардың барлық түрлерінде жеке сараланған тәсіл қарастырылған.

## 2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

<b>ББ мақсаты</b>	Жоғары оқу орындарында, білім беру ісін басқару ұйымдарында және басқа да білім беру ұйымдарында, ғылыми-зерттеу мекемелерінде ғылыми-педагогикалық, басқарушылық қызметті жүзеге асыру үшін іргелі білімдерді, инновациялық білім беру технологияларын, зерттеу дағдыларын игерген жаңа тұрпаттағы бәсекеге қабілетті магистр мамандарды кәсіби даярлау.
<b>ББ міндеттері</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>- Сұранысқа ие білім мен дағдыларды қалыптастыру, халықтың әлауқатын жақсартуға және тұрақты даму мақсаты аясында планетаны қорғауға саналы көзқарас қалыптастыру үшін жағдайлар жасау</li><li>- қоғамда әлеуметтік жауапты мінез-құлықты қалыптастыру, кәсіби этикалық нормалардың маңыздылығын түсіну және осы стандарттарды сақтау;</li><li>- магистранттарды кәсіби даярлауды қамтамасыз ету, олардың өмір бойы оқуын жалғастыруына, кәсіби қызмет барысында өзгермелі жағдайларға сәтті бейімделуіне мүмкіндік беру;</li><li>- дамудың жоғары жалпы интеллектуалдық деңгейін меңгеру үшін жағдайларды қамтамасыз ету, педагогикалық білім беру саласы мен білім беру жүйелерін басқаруда еңбекті ғылыми ұйымдастыруда сауатты және дамыған сөйлеуді, ойлау мәдениеті мен дағдыларын меңгеру;</li><li>- түлектердің мамандығы бойынша жұмысқа барынша жылдам орналасуы мен ары қарайғы оқыту деңгейлерінде оқуын жалғастыру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету мақсатында білім беруді басқару саласындағы олардың бәсекеге қабілеттіліктерін қалыптастыру.</li></ul>
<b>ББ үйлесімділігі</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>• Қазақстан Республикасы Ұлттық біліктілік шеңберінің 7-деңгейі;</li><li>• Біліктіліктің 6 деңгейінің Дублиндік дескрипторы;</li><li>• Еуропалық жоғары білім кеңістігінің біліктілік шеңберінің 2-ші циклі (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area);</li><li>• Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберінің 7-деңгейі (The European Qualification Framework for Life long Learning).</li></ul>
<b>ББ кәсіби саламен байланысы</b>	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Қазақстан Республикасы ағарту министрінің м.а. 2022 жылдың 15 желтоқсанындағы №500 бұйрығымен бекітілген «Педагог» кәсіптік стандарты;</li><li>2. Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылдың 30 желтоқсанындағы №553 бұйрығымен бекітілген жетекшілердің, мамандар мен басқа да қызметкерлердің лауазымдарының біліктілік анықтамалығы.</li></ol>
<b>Берілетін дәреженің атауы</b>	Білім беру бағдарламасын сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге 7M01113 – Білім берудегі менеджмент білім беру бағдарламасы бойынша «педагогикалық ғылымдар магистрі» дәрежесі беріледі.
<b>Біліктілік және қызметтер тізімі</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>- орта және жоғары оқу орындарында психолог;</li><li>- білім беру саласында менеджер;</li><li>- колледжде, жоғары оқу орындарында оқытушы;</li><li>- ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 201-ө- м бұйрығымен бекітілген басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарына қойылатын біліктілік</li></ul>

<b>Кәсіби қызмет саласы</b>	<p>анықтамалығының біліктілік талаптарына сәйкес жұмыс өтіліне қойылатын талаптарды ұсынбай, ғылыми-зерттеу ұйымдарындағы кіші ғылыми қызметкер.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- білім беру (білім беру және тәрбиелеу процестерін психологиялық және педагогикалық зерттеу және қолдау);</li> <li>- білім беру саласындағы менеджмент;</li> <li>- инновациялық педагогикалық қызмет, сауықтыру, білім беру ұйымдарындағы диагностика және консультация;</li> <li>- педагогикалық ағарту, психологиялық және психотерапевтикалық көмек, әлеуметтік-педагогикалық қызмет;</li> <li>- ғылыми-зерттеу қызметі.</li> </ul>
<b>Кәсіби қызмет нысандары</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• мемлекеттік басқару органдары;</li> <li>• білім беру ұйымдары: мектепке дейінгі, жалпы білім беретін мектептер, колледждер мен университеттер, арнайы түзету ұйымдары;</li> <li>• адам іс-әрекетінің әртүрлі салаларындағы, тұлға, топ, қауымдастық деңгейіндегі тұлғааралық және әлеуметтік өзара әрекеттесудегі басқарушылық және психологиялық-педагогикалық процесс, сондай-ақ оларды ұйымдастырудың, өзгертудің, ықпал етудің жолдары мен формалары;</li> <li>• халыққа әлеуметтік көмек көрсететін ұйымдар (аз қамтылған топтармен жұмыс істейтін әлеуметтік орталықтар, халықтың әлеуметтік осал топтарына психологиялық көмек көрсетуге арналған қоғамдық қорлар, балалар мен жасөспірімдерді оңалту және бейімдеу орталықтары және т.б.);</li> <li>• ғылыми-зерттеу ұйымдары.</li> </ul>
<b>Кәсіби қызмет пәндері</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• тұлғаның жеке және тұлғалық дамуы;</li> <li>• барлық түрдегі және меншік формаларындағы білім беру ұйымдарын басқару үдерістері;</li> <li>• әртүрлі типтегі ұйымның субъектілерін психологиялық қолдау;</li> <li>• жеке тұлғаның әлеуетін дамыту мақсатында тұлғалық және психикалық салаларды зерттеу;</li> <li>• тұлғаны оқыту, тәрбиелеу және дамыту үдерісі.</li> </ul>
<b>Кәсіби қызмет түрлері</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• ұйымдастырушылық – басқарушылық;</li> <li>• педагогикалық;</li> <li>• Психологиялық диагностика және коррекция;</li> <li>• Психологиялық ағарту және кеңес беру;</li> <li>• Ұйымдық-басқарушылық қызметті психологиялық қолдау;</li> <li>• Психологиялық оңалту және бейімдеу;</li> <li>• Әлеуметтік-психологиялық мәселелер мен бұзылыстарды сауықтыру;</li> <li>• Психологиялық консалтингтік және тренингтік қызметтер;</li> <li>• Ғылыми-зерттеу қызметі.</li> </ul>
<b>Оқыту нәтижелері</b>	<p>ОН1 әлеуметтік-гуманитарлық, психологиялық-педагогикалық ғылымдардың өзекті мәселелерін, жоғары оқу орнындағы ғылыми таным мен педагогиканың қазіргі даму тенденцияларын талдайды және қорытындылайды;</p> <p>ОН2 ғылыми, психологиялық-педагогикалық менеджмент, көпмәдениетті және көптілді ортадағы әлеуметтік өзара әрекеттесу мәселелерін шешу үшін, сондай-ақ әріптестермен және қызметкерлермен жұмыс істеуде шет</p>

тілін пайдаланады.

ОН3 қазіргі әлемдік және отандық психология және педагогика ғылымдары дамуының өзекті мәселелерін, перспективаларын, беталыстарын, білім беруді басқарудың халықаралық тәжірибесін талдайды және айқындайды;

ОН4 білім беруді басқару саласындағы психологиялық-педагогикалық және пәндік (арнайы) білімдерді, заманауи және инновациялық (оның ішінде цифрлық) оқыту технологияларын интеграциялау механизмдері мен принциптерін жүзеге асыруға қабілетті;

ОН5 психологиялық-педагогикалық теория мен қазіргі заманауи тәжірибеде менеджменттің даму беталыстары мен негізгі жетістіктерін, генезисін талдап-қорытады; білім беру жүйелерін басқарудың өзекті міндеттерін шешуде мәдени-тарихи және іс-әрекеттік тәсілдерді білетіндігін қолдана алады;

ОН6 кәсіби әдеп нормаларын ескере отырып, басқарушылық қызметтің психологиялық жағдайлары мен ерекшеліктерін талдайды; ұйымның дамуындағы жағдай мен өзгерістерді жорамалдайды және болжайды;

ОН7 диагностиканың, дамытудың, түзетудің, терапияның, кеңес берудің заманауи әдістерін қолданып, тұлғаның психологиялық зерттеуін жүргізеді;

ОН8 девиантты, делинквентті, деструктивті, суицидтік мінез-құлықтағы тұлғалармен жұмыс істеу және оларды әлеуметтік оңалту әдістерін меңгеріп, адамдардың психологиялық өзіндік санасын дамыту бағдарламаларын әзірлейді;

ОН9 басқару технологиялары мен инновациялық әдістерін, білім беру ұйымдарындағы маркетингі, педагогикалық үдерісті, басқарушылық және білім беру үдерістерінің тиімді нәтижелерін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін жобалық іс-әрекеттерді қолданады;

ОН10 ғылыми және іскерлік қарым-қатынасты жүргізе алады, ғылыми конференцияда сөз сөйлей алады, ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша тезистер, аңдатпалар, мақалалар жаза алады;

ОН11 ғылыми зерттеу әдіснамасын, жоғары мектептегі бейіндік пәндерді оқытудың тиімді әдістемесін, білім берудегі инновациялық менеджментті қолданады;

ОН12 көшбасшылық қасиеттерін көрсете отырып, өз көзқарасын дұрыс дәлелдей отырып, өз іс-әрекетін кәсіби түрде түзете отырып, ұжымды тиімді басқарады.



### 3.БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТҮЛЕГІНІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ

**ЖАЛПЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР (SOFT SKILLS).** Мінез-құлық дағдылары және тұлғалық қасиеттер

ЖҚ 1. Өзінің сауаттылығын басқару құзыреттілігі

- аналитикалық ойлау;
- коммуникативтік қасиет;
- командада жұмыс істеуге қабілеттілік;
- ұйымдастырушылық қабілеттіліктер;
- креативтілік және сыни ойлау, интерпретациялау, талдау, тұжырым жасау, бағалау дағдыларын игеру қабілеттілігі;
- белсенді өмірлік ұстанымға ие болу;
- белгісіздік пен ықтималдылық жағдайында кәсіби сипаттағы шешім қабылдау.

ЖҚ 2. Тілдік құзыреттілік

- әлеуметтік және гуманитарлық білім салаларында ұғымдарды, ой, сезім, фактілер мен пікірлерді жазбаша және ауызша түрде (тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу) білдіру және түсіну қабілетін, сондай-ақ оқу кезінде, жұмыста, үйде және бос уақытында лингвистикалық және шығармашылық тұрғыдан жан-жақты қоғамдық және мәдени контексте тиісті түрде меңгеру қабілеті, кәсіби ортада және социумда әлеуметтік қатынас дағдыларын, өз ойын жүйелі және сауатты жеткізу машығын, ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын еркін игеруі;
- шет тіліндегі коммуникациялардың негізгі дағдыларын – кәсіби саладағы ұғымдар, фактілер мен пікірлерді тиісті әлеуметтік және мәдени контексте ауызша және жазбаша түрде (тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу) түсіну, білдіру және ұғыну дағдыларын, медиация және мәдениетаралық түсінік дағдыларын меңгеру қабілеті.

ЖҚ 3. Математикалық құзыреттілігі және ғылым саласындағы құзыреттілігі

- ғылыми ойлау мәдениетін, талдап қорытуды, дәйектер мен теоретикалық ережелерді талдау мен жинақтауды игеру қабілеті, білім әлеуетін, ЖОО-да математикалық, жаратылыстану-ғылыми пәндерді оқыту барысында иеленген тұлғалық қасиеттері мен тәжірибесін қолдануға даярлығы, кәсіптік міндеттерді шешуді бақылау мен бағалау, математикалық және жаратылыстану-ғылыми ойлауын дамыту тәсілдерін анықтау.

ЖҚ 4. Цифрлық құзыреттілік, технологиялық сауаттылық

- жұмыста, бос уақытта және коммуникацияларда заманауи ақпараттық және сандық технологияларды сенімді, әрі сыни тұрғыда пайдалану, оларды қолдануда, қалпына келтіру, бағалау, сақтау, өндіру, таныстыру және компьютер арқылы ақпарат алмасу дағдыларын меңгеру, кәсіби қызмет саласында Интернет арқылы ынтымақтас желілерде қарым-қатынас жасау және қатысу қабілеті.

ЖҚ 5. Жеке, әлеуметтік және оқу құзыреттіліктері

- қоғамдық пікірге, дәстүрлер, салттар, нормаларға негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтарды меңгеру және оларға өзінің кәсіби қызметінде сүйене білу қабілеті;
- Қазақстанның құқықтық жүйесінің негіздері мен заңнамасын білу; қоғамның әлеуметтік даму үрдістерін білу;
- түрлі әлеуметтік жағдайларда жұмыс істей білу;
- мәмілеге келе білу, өз пікірін ұжым пікірімен сәйкестендіре білу;
- іскери әдеп нормаларын, әдеп және құқықтық нормаларды меңгеру;
- кәсіби өсу және жеке тұлға ретінде дамуға талпыну;
- командамен жұмыс жасай білу, өз көзқарасын жетік дәлелдей алу, жаңа шешімдер ұсына білу;
- басқа индивидтарға қатысты толеранттылық таныта білу қабілеті.

ЖҚ 6. Кәсіпкерлік құзыреттілік

- сыни ойлау, интерпретация, талдаудың креативтілігін, қорытынды шығару, бағалау дағдыларын меңгеру;
- кәсіби міндеттерге қол жеткізу үшін жобаларды басқару, персоналды

ЖҚ 7. Мәдени хабардарлық және өз ойын жеткізе білу қабілеті

басқара білу, кәсіпкерлік дағдыларын көрсете білу қабілеті.

- Қазақстан халқының дәстүрі мен мәдениетін білу және түсіну, әлемнің басқа халықтарының дәстүрі мен мәдениетіне толерантты болу, толеранттылықта төзімділік таныту;

- жоғары рухани қасиеттерге ие бола білу, зиялы адам ретінде қалыптасу қабілеті.

-кәсіби құндылықтарды көрсете білу: кәсібилік; жаңашылдық; шығармашылық; меритократия; тұтастық.

### **КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР (HARDSKILLS)**

Осы бағыт үшін тән теоретикалық білімдер мен тәжірибелік дағдылар мен шеберліктер

КҚ1 Педагогика мен психологияның теоретикалық және әдіснамалық негіздерін, кәсіби сала зерттеулеріндегі басқару теориялары мен заманауи тұжырымдамаларын қолдана біледі.

КҚ2 Білім беруді ұйымдастыру мен басқару, халықаралық тәжірибедегі білім беру менеджментінің үздік үлгілерін қарастыру және көшірмелеу мәселелері бойынша сараптамалық бағдарламалар даярлайды.

КҚ3 Психология мен педагогиканың теоретикалық және әдіснамалық негіздерін дәлелдейді, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде ғылыми зерттеу нәтижелерін талдау әдістерін қолданады.

КҚ4 Білім беру және басқарушылық қызмет саласындағы мониторингтік және ғылыми зерттеулерді жүргізеді.

КҚ5 Білім беруді ұйымдастыру және басқару жағдайларында білім беру менеджменті проблемасын тұжырымдап, өнімді шеше отырып, білім беру жүйелерін басқару мазмұны мен технологияларын жобалайды.

КҚ6 Оқытудың инновациялық, интерактивті және цифрлық әдістері мен технологияларын ескере отырып, педагогикалық кадрларды іріктеуде білім беру процесі мен ортасын бағалау мен жүзеге асыруға қабілетті болады.

**3.1 ББ бойынша оқыту нәтижелері мен модульдердің қалыптасқан құзыреттіліктерінің бөлінісінің матрицасы**

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10	ОН11	ОН12
ЖҚ1	+		+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
ЖҚ2		+				+	+	+	+	+		
ЖҚ3				+	+		+		+			
ЖҚ4				+	+	+			+	+		
ЖҚ5		+		+	+	+	+	+	+	+		+
ЖҚ6			+	+		+	+	+	+			
ЖҚ7		+	+		+		+	+	+	+	+	
КҚ1			+		+	+			+			
КҚ2			+		+	+			+		+	
КҚ3			+	+	+					+	+	
КҚ4			+	+	+					+	+	
КҚ5					+	+			+		+	
КҚ6					+	+						+

**1. МОДУЛЬДЕР МЕН ПӘНДЕРДІҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЫҚПАЛ ЕТУ МАТРИЦАСЫ МЕН  
ЕҢБЕК КӨЛЕМДІЛІГІ ЖӨНІНДЕГІ МӘЛІМЕТТЕР**

№	Модуль атауы	Цикл	Компонент	Пән атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Оқытудың қалыптастырылатын құзыреттіліктері (кодтар)													
							ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10	ОН11	ОН12		
1	Ғылыми-педагогикалық даярлық модулі	БП	ЖК	Ғылым тарихы және философиясы	Мақсаты: ғылым тарихы мен философиясы бойынша білім, білік, дағдыларды қалыптастыру. Мазмұны: жаратылыстану және техникалық ғылымдардың тарихы мен философиясы, мәдениет пен өркениеттегі жаңа еуропалық ғылым, ғылымның пайда болуы, тарихи динамика, ғылыми білімнің құрылымы, нақты ғылымдардың философиялық мәселелері. 21 ғасырдағы коммуникациялық технологиялар және олардың қазіргі жаһандық өркениеттегі рөлі, қазіргі өзекті әдістемелік философиялық мәселелері.	4	√		√		√									
		БП	ЖК	Шет тілі (кәсіби)	Мақсаты: білім берудің алдыңғы сатысында қол жеткізген шет тілін меңгерудің бастапқы деңгейін көтеру және коммуникативтік құзыреттіліктің қажетті және жеткілікті деңгейін меңгеру. Мазмұны: C1, C2 (тіл мамандықтары) деңгейінде шет тілін меңгеру, монологтық және диалогтік формадағы LSP қарым-	4		√	√							√				

				қатынасы (баяндама, презентация, әңгімелесу, пікірталас). Ауызша, жазбаша түрдегі ғылыми стиль грамматикасын зерттеу. Ақпараттық және кәсіби хабарламаларды тыңдау. Жазу, ғылыми мақалалар, баяндамалар, жобалар жасау және т.б. Сөздіктермен, анықтамалықтармен жұмыс. Екіжақты аударма дағдылары.															
	БП	ЖК	Басқару психологиясы	<p>Мақсаты: магистранттарды басқару қызметінің психологиялық заңдылықтарымен таныстыру.</p> <p>Мазмұны: психологиялық жағдайлармен, басқару қызметінің ерекшеліктерімен таныстырады. Басқарудың ішкі жүйесінің күйі мен өзгерістерін диагностикалау және болжау; бағыныштылар үшін іс-шаралар бағдарламасын қалыптастыру; шешімнің орындалуын ұйымдастыру. Басшының басқарушылық қажеттіліктері мен қабілеттері.</p> <p>Құзыреттіліктер: ұжымды зерттеудің диагностикалық әдістерін, басқаруды, ұжымдағы қақтығыстарды шешуді, стрессті, менеджерлерді оқытуды,</p>	4	√		√			√								

					менеджмент бойынша кеңес беруді меңгереді.															
2	Білім берудің әдістемелік негіздері	БП	ЖК	Жоғары мектеп педагогикасы	<p>Мақсаты – магистранттардың студентке бағдарланған оқыту және бағалау қағидаттары негізінде оқу және ғылыми үдерісті жоспарлау және ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру, білім беру үдерісіне инновациялық (соның ішінде цифрлық) және тәжірибеге бағытталған оқыту әдістері мен технологияларын экстраполяциялау, оларды ЖЖОКБҰ-дағы академиялық және ғылыми-әдістемелік қызметке дайындау.</p> <p>Мазмұны: Жоғары мектеп педагогикасы ғылым және оқу пәні ретінде. Жоғары мектеп педагогикасының әдіснамасы. Жоғары білім беруді дамытудың заманауи әлемдік тенденциялары. Қазақстандағы жоғары білімнің тарихы, қазіргі жағдайы және даму болашағы. Жоғары мектеп дидактикасы. ЖЖОКБҰ-да студенттерге бағытталған оқыту және бағалау, оның заңдылықтары мен принциптері. ЖЖОКБҰ-дағы білім беру мазмұны. ЖЖОКБҰ-да оқытудың инновациялық педагогикалық технологиялары, нысандары мен әдістері.</p>	4	√					√	√							

				<p>Студенттік ортада және қоғамда жаһандық және ұлттық құндылықтарды ілгерілету тұжырымдамалары, стратегиялары, тетіктері. ЖЖОКБҰ басқару. ЖЖОКБҰ саясаты мен рәсімдеріне сәйкес білім беру ортасын және ұйымдық мәдениетті қолдау және дамыту.</p> <p>Құзыреттіліктер: педагогиканың теориялық және практикалық негіздерін біледі, университетте оқу сабақтарының, әдістемелік және ғылыми жұмыстардың әртүрлі формаларын әзірлеу және жүргізу жолдарын біледі.</p>															
		КП	ЖК	Бейіндік пәндерді оқыту әдістемесі	<p>Мақсаты: бейіндік пәндерді оқыту үдерісінде қазіргі заманғы инновациялық технологиялардың кең ауқымын, бағыттарын талдауға қабілетті, білім мен шығармашылыққа, оқыту мен өз бетінше білім алуға құзырлы, ынталы мамандарды дайындау.</p> <p>Мазмұны: психологиялық білімді меңгеру ерекшеліктерін, оқытудың тиімді құралдары мен әдістерін, оқу материалын құрылымдау және оның мазмұнын игеруді ұйымдастыру жолдарын зерттеу.</p> <p>Құзыреттіліктер: оқытудың теориялық және практикалық негіздерін біледі, оқу сабақтарының әртүрлі формаларын әзірлей және өткізе алады.</p>	4	√		√		√	√							

		БП	ЖК	Педагогикалық практика	Мақсаты: оқу процесінде алған теориялық және практикалық білімдерін бекіту және кеңейту. Оқу сабақтарының өзін-өзі дамыту тәжірибесін жүзеге асыру. Өз бетінше оқу сабақтарын өткізу дағдыларын қалыптастыру, ұйымдастыру жұмыстарында тәжірибе жинақтау. Кәсіби білім мен дағдыларды қолдануды талап ететін практикалық мәселелерді шешуде тәжірибе жинақтау.	4	√				√	√		√					
3	Ғылыми зерттеулердің әдістемелік шарттары	КП	ТК	Қазіргі заманауи педагогика мен психологияның даму тарихы, тенденциялары	Мақсаты: магистранттар арасында педагогика мен психологияның адамзаттың рухани дамуының құрамдас бөлігі ретіндегі тұтас көзқарасты, ғылыми мектептердің негіздері мен қазіргі ғылым теорияларын білуді дамыту. Мазмұны: Тұлға педагогика және психология ғылымының пәні ретінде. Тұлғаны зерттеудің теориялары, тұжырымдамалары және тәсілдері. Тәсілдердің интеграциясы және адамның биоәлеуметтік бірлігі. XIX-XX ғасырлардағы психологиялық мектептер. Психологиядағы отандық мектептер. Құзыреттіліктер: психология және педагогикалық ғылым дамуындағы әлемдік тенденцияларды қолдану; қазіргі білім беру парадигмаларының даму проблемалары мен перспективаларын анықтай білу; ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру негіздеріне ие болу.	6	√		√		√								
		КП	ТК	Қазақстан	Мақсаты: Қазақстандағы психологиялық		√		√		√								



			Республикасындағы білім беру реформалары	<p>ғылымды дамыту кезеңдері жөніндегі білімдерді меңгеру.</p> <p>Мазмұны: қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін реформалау мәселелерін қарастырады. Ол қайта құрулар мен инновациялар өнімділігі тұрғысынан білім беруді реформалаудың отандық тәжірибесін әлемдік үрдістер мен білім беру реформаларын салыстырмалы зерттеу арқылы талдау мәселелерін қамтиды.</p> <p>Стратегиялық педагогикалық ойлау, елдегі білім берудің даму болашағын болжау, білім беру жүйесін реформалаудың түрлі идеялары мен нұсқаларына сараптамалық баға беру дағдыларын қалыптастырады.</p> <p>Құзыреттіліктер: Қазақстандағы қазіргі психология ғылымының даму тенденцияларын талдай және анықтай алу.</p>														
	БП	ТК	Ғылыми зерттеулер әдіснамасы және әдістері	<p>Мақсаты: ғылыми зерттеу әдістемесі туралы білімдерін қалыптастыру, магистранттардың тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды жүргізу әдістерін меңгеру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: ЖОО оқытушысының әдістемелік мәдениетінің негізі ретінде педагогика ғылымы әдістемесінің заманауи мәселелерін, ғылыми зерттеудің әдістемелік тәсілдері мен принциптерін, ғылыми зерттеудің логикасы мен процедураларын зерттейді. Ғылыми аппаратты және психологиялық-педагогикалық зерттеу әдістерінің кешенін, диссертацияны қорғауға дайындау әдістемесін білдіреді.</p> <p>Құзыреттіліктер: жеке тұлға мен топты</p>	6	√			√			√						

				зерттеу әдістемесі мен әдістеріне негізделген ғылыми зерттеулерді жүргізе алады.																
		БП	ТК	Педагогикалық қызметтегі ғылыми зерттеулер	Мақсаты: магистранттарды білім саласындағы заманауи ғылыми зерттеулермен таныстыру. Мазмұны: Педагогика ғылымы мен оқу тәжірибесінің өзекті мәселелерін анықтау, психологиялық-педагогикалық зерттеулердің нақты тақырыптары бойынша ғылыми зерттеулерді жоспарлау, ұйымдастыру, алынған мәліметтерді өңдеу және талдау дағдылары мен машықтары қалыптасады. Құзыреттері: ғылыми еңбектермен жұмыс істей алады, ғылыми-тұжырымдамалық аппаратты құрастыра алады, ауқымды ғылыми мақала жаза алады.		√			√			√							
				Зерттеу практикасы	Мақсаты: педагогикалық-психологиялық зерттеулерді жүзеге асыру дағдыларының кешенін қалыптастыру. Мазмұны: Отандық және шетелдік ғылымның соңғы теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеудің заманауи әдістерімен танысу. Теориялық және эксперименттік зерттеулерде тәжірибе жинақтау, ғылыми білімнің әртүрлі әдістерін қолдану. Алынған мәліметтерді өңдеу, нәтижелерді талдау және нақтылау. Зерттелетін тақырып бойынша ғылыми-әдістемелік семинар аясында сөз сөйлеу. Құзыреттіліктер: ғылыми зерттеудің әртүрлі әдістерін қолдана алады, нәтижелерді талдай алады және ұсына алады.	6	√		√	√	√		√		√					
4	Менеджменттің инновация	БП	ТК	Білім беру саласындағы инновациялық	Мақсаты: білім беру саласындағы инновациялық менеджменттің ерекшеліктері мен қолданылуы	5			√		√	√						√		

лық технологиялары			менеджмент	туралы түсініктерді қалыптастыру. Мазмұны: білім берудің әртүрлі деңгейлеріндегі инновациялық процестерді басқару мәселелері қарастырылады. Инновация саласындағы мемлекеттік саясатты, инновациялық процестерді ұйымдастыру мен басқарудың нысандары мен әдістерін, білім берудегі инновациялық менеджментті реттеудің ұйымдастырушылық-педагогикалық механизмдерін, осы саладағы шетелдік тәжірибені зерттеуді қамтиды. Құзыреттіліктер: білім беру саласында инновациялық басқару әдістерін ұйымдастыруға, жоспарлауға және қолдануға дайын.														
	БП	ТК	Білім берудегі ұйымдастыру мен басқару	Мақсаты: магистранттар арасында менеджмент бойынша кеңес беру, коуч психологиясы бойынша ұғым-түсініктерді қалыптастыру. Мазмұны: Басқарушылық кеңес беру мен коучингтің принциптері, мақсаттары, міндеттері. Коуч психологиясы мен менеджмент психологиясының қазіргі заманғы тенденциялары мен жағдайы, практикалық психологтың кәсіби құзыреттілігінің негізгі принциптері, коучинг пен менеджмент құндылықтары. Құзыреттіліктер: коучинг пен басқарушылық кеңес берудің негізгі бағыттары мен технологияларын біледі және қолданады.			√		√	√							√	
	КП	ТК	Білім беру жүйесіндегі кадрлық менеджмент	Мақсаты: білім беру жүйесінде персоналды басқаруды жүргізу бойынша білім мен дағдыларды меңгеру. Мазмұны: білім беру ұйымының кадрлық әлеуетін қалыптастыру, кадрларды іріктеу,	5			√		√	√							√

				олардың тиімді жұмыс істеуіне жағдай жасау, олардың өзара әрекетін үйлестіру, кәсіби және тұлғалық өсу мәселелерін қарастырады. Ол білім беру ұйымының кадрлық әлеуетін қалыптастыру және дамыту процестерін басқару, олардың ауысуын болдырмау, кадрлық резервті құру мәселелерін ашады. <b>Құзыреттіліктер:</b> білім беру жүйесінде персоналды басқаруды жүргізу бойынша білімі мен дағдыларды игерген.														
	КП	ТК	Білім берудегі сапа менеджменті	Мақсаты: білім беру сапасын басқару саласында магистранттарда білім мен дағдыларды қалыптастыру. Мазмұны: университеттегі білім сапасын басқарудың теориялық және қолданбалы аспектілері, оның құрамдас бөліктері қарастырылады. Жоғары оқу орнындағы білім беру қызметінің сапасын басқарудың бағыттары мен негізгі буындарын көрсетеді. Заманауи университеттегі білім сапасын басқарудың нормативтік, әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық механизмдерін зерттейді. <b>Құзыреттіліктер:</b> білім беруде сапаны басқарудың негізгі технологиялары мен әдістерін біледі және қолданады.				√		√	√							√
	БП	ТК	Психология мен білім берудегі мәдени-тарихи және іс-әрекеттік тәсілдер	Мақсаты: магистранттар арасында психология мен білім берудегі мәдени-тарихи және іс-әрекеттік тәсілдер туралы білімдерін қалыптастыру. Мазмұны: заманауи білім беру жағдайында қазіргі психологиядағы мәдени-тарихи және іс-әрекеттік көзқарасын жүзеге асырудың негізгі бағыттарын қарастырады. Ол адам мен қоғамның оқиғаларының дамуы мен мәдени-психологиялық ерекшеліктерін ашады, мәдениеттің, философияның, психологияның, педагогика мен тарихтың байланысын қоғамды цифрландыру және жаһандық ақпараттық желілерді құру жағдайында	5			√		√								

					қарастырады. Қүзіреттіліктер: психология мен білім берудегі мәдени-тарихи және іс-әрекеттік тәсілдер тұрғысынан ғылыми зерттеулерді талдайды және түсіндіреді.															
		БП	ТК	Білім беру ортасы психологиясы	Мақсаты: магистранттардың білім беру ортасының психологиялық ерекшеліктері, жағдайлары туралы түсініктерін қалыптастыру. Мазмұны: білім беру ортасының қауіпсіздігі саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттар оқытылады. Психологиялық салауатты білім беру ортасын құру мен басқарудың формалары мен әдістері ашылды. Психологиялық қауіпсіз білім беру ортасын ұйымдастыру мен қолдаудың озық отандық және халықаралық тәжірибесі зерттеліп, талданған. Құзыреттіліктер: салауатты білім беру ортасын құру және басқару нысандары мен әдістерін меңгереді.						√	√			√			√		
5	Білім берудегі менеджментті ұйымдастыру және жоспарлау	КП	ТК	Кроссмәдени менеджмент	Мақсаты: магистранттардың мәдениетаралық басқару әдістерін меңгеру және ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру. Мазмұны: көпмәдениетті контингенті бар ұйымдарда тиімді басқару мәселелерін қарастырады. Көпмәдениетті контингенті бар ұйымдарда бағалау, болжау және персоналды басқару дағдылары мен дағдылары, басқарушылық мәселелерді шешу, шетелдік серіктестермен қарым-қатынаста мәдениетаралық кедергілерді жеңу дағдылары дамиды. Персонал құрамының көпұлттылығын ескере отырып, ұйымның корпоративтік	6							√	√	√					

				мәдениетін қалыптастыру мәселелері қарастырылады. Құзыреттіліктер: мәдениетаралық басқару әдістерін біледі және қолданады.																
	КП	ТК	Көшбасшылық сипаты мен әдебі	Мақсаты: жеке тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыруға байланысты білім, білік, дағдылар жүйесін қалыптастыру. Мазмұны: білім беруді ұйымдастырудағы көшбасшылық психологиясы, қазіргі көшбасшы моделі зерттеледі. Көшбасшының қасиеттері, оның білім беруді ұйымдастырудағы миссиясы, көшбасшылық қасиеттерінің қалыптасу кезеңдері ашылды. Көшбасшылық қасиеттерді өздігінен тәрбиелеу дағдылары қалыптасады. Құзыреттіліктер: тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру әдістерін біледі және қолданады.								√	√							√
	КП	ТК	Білім беру жүйелерін жобалау	Мақсаты: білім беру жүйесін жобалау саласында магистранттарда базалық білім мен дағдыларды қалыптастыру. Мазмұны: қатысушылармен де, сыртқы сарапшылармен де жүзеге асырылатын білім беру жүйесін ұйымдастыру тәсілдері және оларды жобалау мен сараптауға қойылатын заманауи талаптар туралы идеяларды қалыптастырады. Білім беру жүйесін жобалаудың заманауи әдістерін, білім беру саласындағы пилоттық жобаларды әзірлеу мен енгізуді, сараптамалық талдауды	6			√		√				√						√

				және олардың тиімділігін бағалауды, тәуекелдерді басқаруды қарастырады. Құзыреттіліктер: білім беру жүйесін жобалау саласындағы әдістерді біледі және қолданады.															
	КП	ТК	Жобалық менеджмент	Мақсаты: білім берудегі жобалық іс-әрекетті ұйымдастыру және өткізу саласындағы білім мен дағдыларды меңгеру. Мазмұны: әлеуметтік-педагогикалық және білім беру жүйелерін жобалау мәселелері, инновациялық идеяларды ұсыну әдістері және оларды жоба түрінде жүзеге асыру зерттеледі. Жобалар бойынша жұмысты ұйымдастыру, шығармашылық ұжымдарды құру, олардың тиімді жұмысын қамтамасыз ету, жобалар бойынша жұмысты бақылау, оларды іріктеу және одан әрі жылжыту мәселелері қарастырылады. Құзыреттіліктер: білім берудегі жобалық іс-әрекеттерді әзірлей және жүргізе алады.				√		√				√					√
	КП	ТК	Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау	Мақсаты: Ғылыми зерттеудің әдістемесін, әдістерін қолдану, ғылыми зерттеу нәтижелерін тіркеу. Мазмұны: Ғылыми зерттеудің жалпы әдістемесі және психологиялық зерттеудің әдіснамалық негіздері. Зерттеудің ғылыми аппараты және логикалық құрылымы. Зерттеу әдістерін таңдау жүйесі мен критерийлері. Теориялық зерттеу әдістері. Эмпирикалық зерттеу әдістері. Диагностикалық зерттеу әдістері. Құзыреттіліктер: Психологиялық зерттеулерді жоспарлау және ұйымдастыру, психика мен тұлғаны зерттеу әдістерін барабар қолдану, зерттеу нәтижелерін талдау, жалпылау және ұсыну.	5	√			√			√							

		КП	ТК	Жоғары мектептегі ұйымдық психология	<p>Мақсаты: магистранттарды жоғары мектептегі ұйымдық психология ерекшеліктерімен және мазмұнымен таныстыру.</p> <p>Мазмұны: жоғары мектептегі ұйымдық психология ерекшелігі, мазмұны. Жоғары кәсіптік білім беру саласындағы ғылыми-педагогикалық қызметке жан-жақты дайындыққа ықпал ететін жалпы мәдени, кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру.</p> <p>Құзыреттіліктер: жоғары мектептегі ұйымдық психология саласындағы жұмыс әдістерін біледі және меңгереді.</p>				√		√	√					√	
		КП	ТК	Білім беру қызметтері саласындағы маркетинг	<p>Мақсаты: білім беру қызметі саласындағы маркетинг жүргізу ерекшеліктері туралы магистранттардың түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: білім беру ұйымдарын дамытудың маркетингтік стратегиялары мен жоспарларын әзірлеу және енгізу тәжірибесі зерттеліп, талданған. Білім беру қызметі саласындағы маркетингтің әдістері және оқу орнындағы маркетингтік қызметті ұйымдастыру формалары қарастырылады.</p> <p>Құзыреттіліктер: білім беру қызметі саласындағы маркетинг әдістерін біледі және қолданады.</p>	6					√	√			√			
		КП	ТК	Жеке тұлғаның өзіндік санасының психологиясы	<p>Мақсаты: магистранттарды тұлғаның өзіндік санасының психологиялық ерекшеліктерімен таныстыру.</p> <p>Мазмұны: Тұлғаның өзін-өзі тану психологиясы - әлеуметтік байланыстар мен қарым-қатынастарды қалыптастыру және көрсету, оның іс-әрекеті мен заңдылықтарын анықтау, ішкі күйлер мен психикалық процестерді</p>				√				√	√				√



				реттеудегі кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру, сонымен қатар, тұрақты қоғамдық қатынастардың санамен байланысы. Құзыреттіліктер: тұлғаның өзіндік санасын қалыптастыру және дамытудағы әдістерді, психотехнологияларды біледі және қолданады.														
	КП	ТК	Деструктивті және суицидтік мінез-құлық психологиясы	Мақсаты: деструктивті және суицидтік мінез-құлық психологиясының ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру. Мазмұны: Ғылыми білімнің пәнаралық саласы клиникалық психология, патопсихология, психиатрия, тұлға психологиясы, жалпы психология, психосоматика, педагогика пәндерінің қиылысында орналасқан. Құзыреттері: деструктивті және суицидтік мінез-құлықтың пайда болу, қалыптасу механизмдері, динамикасы мен себептері туралы түсінігі бар, олардың алдын алу, түзету және терапия әдістерін біледі.	7			√				√	√					√
	КП	ТК	Девиантты және деликвентті мінез-құлық психологиясы	Мақсаты: девиантты және деликвентті мінез-құлық бар тұлғаларға психологиялық көмек көрсету саласындағы идеялар мен практикалық дағдыларды қалыптастыру. Мазмұны: Девиантты және деликвентті мінез-құлық саласындағы практикалық психологтардың кәсіби қызметінің негізгі бағыттары, міндеттері, түрлері.				√				√	√					√





**5. ББ МОДУЛЬДЕР КЕСКІНІНДЕ МЕҢГЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕР КӨЛЕМІ  
ЖӨНІНДЕГІ ЖИЫНТЫҚ КЕСТЕ**

Оқыту курсы	семестр	Меңгерілген модульдер саны	Игерілетін пән көлемі			KZ кредиттерінің саны					Сағатпен барлығы	KZ кредиттерінің жалпы саны	Саны	
			МК	ЖК	ТК	Теоретикалық оқыту	Пед-лық практика	Зерттеу практика	МҒЗЖ	Қорытынды аттестаттау			емт	диф. сынақ
1	1	3		4	2	29			1		900	30	6	1
	2	3		2	3	22	4		4		900	30	4	2
2	3	2			2	11		6	3		600	20	4	2
	4	2			3	16			4		600	20	-	1
	5	1							12	8	600	20		2
барлығы		11		6	10	73	4	6	24	8	3600	120	15	8

## 6. ОҚЫТУ СТРАТЕГИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕРІ, БАҚЫЛАУ МЕН БАҒАЛАУ

Оқыту стратегиясы	<p><b>Студентті орталықтанған оқыту:</b> білім алушы-оқыту/оқыту орталығы және оқу процесі мен шешім қабылдаудың белсенді қатысушысы.</p> <p><b>Тәжірибеге бағытталған оқыту:</b> практикалық дағдыларды дамытуға бағдарлау.</p>
Оқыту әдістері	Инновациялық педагогикалық технологиялар, оқытудың белсенді және интерактивті әдістері
Оқу нәтижелеріне қол жеткізуді бақылау және бағалау	<p><b>Ағымдағы бақылау</b> пәннің әрбір тақырыбы бойынша жүргізіледі, аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтардағы білімді бақылау (<i>силлабусқа сай</i>). Бағалау формалары: лекциядағы сұрастыру, практикалық сабақтардағы сөйлеу, үй тапсырмаларын презентациялау, орындауға жіберу, СӨЖ қорғау.</p> <p><b>Аралық бақылау</b> – бір оқу пәні шеңберінде бір академиялық кезең бойында екі реттен кем емес жүргізіледі (коллоквиум тапсыру, ауызша сұрастыруды жүргізу, жазба жұмыстарын қорғау, тест тапсырмалары және т.б.).</p> <p><b>Межелік аттестаттау</b> жұмыс оқу жоспарымен, академиялық күнтізбемен сәйкестікте жүзеге асырылады.</p> <p>Өткізу формалары:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• тестілеу түріндегі емтихан;</li> <li>• ауызша емтихан;</li> <li>• жазбаша емтихан;</li> <li>• үйлестірілген емтихан;</li> <li>• жобаны қорғау;</li> <li>• практика бойынша есептерді қорғау.</li> </ul>


## 7. БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚУ-РЕСУРСТЫҚ ҚАМСЫЗДАНДЫРЫЛУЫ


Ақпараттық-ресурстық орталық	Электронды оқулықтар, ПОӘК, MOOK, видео-лекциялар, слайдтар, презентациялар, видео-фильмдер, анимация, ЭЕМ бағдарламалары.
Материалдық-техникалық база	Лекциялық аудиториялар, практикалық сабақтарға арналған аудиториялар, компьютерлік класстар, кітапхана және оқу залдары, абонемент, электронды ресурстық орталық, спорттық және акт залы, тамақтану пункті, медициналық қызмет көрсету пункті.

«7M01113 – Білім берудегі менеджмент»

білім беру бағдарламасы бойынша

**КЕЛІСІМ ПАРАҒЫ**

АкМЖД директоры  А.С.Наукенова

АҒД директоры  Ү.Б.Назарбек

ККД директоры  Т.С.Бажиров

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі	7M01113 – Білім берудегі менеджмент
Астана қаласының Білім және Ғылым Бюроһы	7M01113 – Білім берудегі менеджмент
Астана қаласының Білім және Ғылым Бюроһының Ақпараттық-Әдістемелік Орталығы	7M01113 – Білім берудегі менеджмент
Астана қаласының Білім және Ғылым Бюроһының Ақпараттық-Әдістемелік Орталығының Ақпараттық-Әдістемелік Орталығы	7M01113 – Білім берудегі менеджмент
Астана қаласының Білім және Ғылым Бюроһының Ақпараттық-Әдістемелік Орталығының Ақпараттық-Әдістемелік Орталығының Ақпараттық-Әдістемелік Орталығы	7M01113 – Білім берудегі менеджмент
Астана қаласының Білім және Ғылым Бюроһының Ақпараттық-Әдістемелік Орталығының Ақпараттық-Әдістемелік Орталығының Ақпараттық-Әдістемелік Орталығының Ақпараттық-Әдістемелік Орталығы	7M01113 – Білім берудегі менеджмент
Астана қаласының Білім және Ғылым Бюроһының Ақпараттық-Әдістемелік Орталығының Ақпараттық-Әдістемелік Орталығының Ақпараттық-Әдістемелік Орталығының Ақпараттық-Әдістемелік Орталығының Ақпараттық-Әдістемелік Орталығы	7M01113 – Білім берудегі менеджмент
Астана қаласының Білім және Ғылым Бюроһының Ақпараттық-Әдістемелік Орталығының Ақпараттық-Әдістемелік Орталығының Ақпараттық-Әдістемелік Орталығының Ақпараттық-Әдістемелік Орталығының Ақпараттық-Әдістемелік Орталығының Ақпараттық-Әдістемелік Орталығы	7M01113 – Білім берудегі менеджмент
Астана қаласының Білім және Ғылым Бюроһының Ақпараттық-Әдістемелік Орталығының Ақпараттық-Әдістемелік Орталығының Ақпараттық-Әдістемелік Орталығының Ақпараттық-Әдістемелік Орталығының Ақпараттық-Әдістемелік Орталығының Ақпараттық-Әдістемелік Орталығының Ақпараттық-Әдістемелік Орталығы	7M01113 – Білім берудегі менеджмент
Астана қаласының Білім және Ғылым Бюроһының Ақпараттық-Әдістемелік Орталығының Ақпараттық-Әдістемелік Орталығының Ақпараттық-Әдістемелік Орталығының Ақпараттық-Әдістемелік Орталығының Ақпараттық-Әдістемелік Орталығының Ақпараттық-Әдістемелік Орталығының Ақпараттық-Әдістемелік Орталығының Ақпараттық-Әдістемелік Орталығы	7M01113 – Білім берудегі менеджмент